

## **Құрметті әлеуетті өнім берушілер!**

«СҚ-Фармация» ЖШС дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құруға және (немесе) жаңғыртуға ниеті бар әлеуетті өнім берушілермен дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізудің ұзақ мерзімді шартын жасауға арналған конкурсты өткізудің тәртібіне сәйкес **2019 жылдың 11 ақпанында**, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» бизнес-орталығы, 15-қабат мекен жайы бойынша, мәжіліс залында, әлеуетті өнім берушімен ұсынылған медициналық мақсаттағы бұйымдарға арналған ең жоғары бағалы жеңілдіктерін анықтау рәсімі өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Қағиданың 403-409-тармақтары негізінде өткізіледі.

Әлеуетті өнім берушілер ең жоғары шартты бағалы жеңілдік деңгейін анықтау тәртібіне қатысатын медициналық мақсаттағы бұйымдар мен лот атаулары, осы хабарламаға тіркелген қосымшада көрсетілген.

Шартты бағалы жеңілдіктің шағын қадамы - үш пайызды құрайды. Әлеуетті жеткізушінің бастапқы бағалы жеңілдігі, бірінші басшының немесе осындай бағалы жеңілдікке қол қоюға уәкілетті тұлғамен қол қойылған, лот бойынша бағалы жеңілдігі көрсетілген жазбаша түрде ұсынылады